



Мектеп директоры:

А. Чунгушбаев

№2 Ж. Кабаев атындағы бастауыш мектебінде «1 қазан – Халықаралық қарттар» күнін атап өту және мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне арналған әлеуметтік қолдау шараларын өткізу бойынша 2025 жылдың 15.09 – 01.10 аралығында
ЖОСПАРЫ

р/с №	іс-шаралар	аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Халықаралық қарттар күнін өткізу жөнінде іс-шаралар жоспарын түзу	Жоспар	ДТЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	15.09 .2025
2	Қарттар күніне «Спорт саулық кепілі» тақырыбында тоғызқұмалақ, шахматтан және дойбыдан ардагерлердің қатысуымен «Қарттарым асыл қазынам» жарыс өткізу	Ақпарат, суреттер	ДТДЖО, М.Нурманова Г.Абдугаппарова Дене шынықтыру мұғалімдері	15.09 – 01.10 аралығында
4	Қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» сынып сағаттарын өткізу	іс—шара, суреттер	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова сынып жетекшілер	22.09.2025
5	Мектептерде «Қартың болса, жазып қойған хатпен тең» тақырыбында ардагерлермен кездесу ұйымдастыру	іс-шара, суреттер	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	23.09.2025

			Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	
6	Ардагерлерді «Жасы үлкен ағаны, жақсы сыйлап, жаға тұт» тақырыбында видеокұттықтауларды ұйымдастыру, әлеуметтік желілерге жариялау	ақпарат	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	24.09.2025
7	«Қарты бар елдің –қазынасы бар» концерттік бағдарлама	ақпарат	ДТДЖО ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева қосымша білім беру педагогі А.Болатбекова	25.09.2025
8	«Ата-әже байлығым» атты авторлық бейне суреттер байқауын ұйымдастыру	ақпарат	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Қосымша білім беру педагогі А.Болатбекова Үйірме жетекшілері	26.09.2025
9	«Ақылды қария, ағып жатқан дария» атты шығарма жазу сайыстарын өткізу	ақпарат	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Тәлімгер Д.Байтасова	29.09.2025

			сынып жетекшілер	
10	«Менің атаулы ағашым» акциясын өткізуді ұйымдастыру	ақпарат	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова ДТДЖО Қосымша білім беру педагогі А.Болатбекова Үйірме жетекшілері	29.09.2025
11	«Қарттарын қадірлеген-ел ардақты» дөңгелек стол өткізуді ұйымдастыру	ақпарат	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева	30.09.2025
12	Мектептер оқушыларының қатысуымен «Жан жылуын сыйла» акциясы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша үйлеріне барып, көмектер көрсету	іс-шара	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Әлеуметтік педагогтар Б.Қамбаева А.Әбиев	15.09 – 01.10 аралығында
13	Мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне орай мектеп кітапханаларында «Жүректен жүрекке» атты іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру	іс-шара	ДТДЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова Кітапханашы Г.Сариева	30.09.2025
14	«Жақсылық пен үміттің түсі» атты шығармашылық бейнероликтер түсіру жариялау	әлеуметтік желіге жариялау ,	ДТДЖО М.Нурманова	01.10.2025

		сілтемесін АББ-не жолдау	Г.Абдугаппарова Қосымша білім беру педагогі А.Болатбекова	
15	Өткізілген жұмыстар мен іс-шараларды әлеуметтік желіге жариялауды, кеңінен БАҚ-на материалдар жариялауды ұйымдастыру	Сілтемелер	ДТГЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова жауаптылар	15.09 – 01.10 аралығында
16	Атқарылған жұмыстың қортынды ақпаратын білім бөліміне shameeva1972@list.ru электрон поштасына 2025 жылд 2 қазаны дейін жолдау.	мәлімет, суреттер- коллаж; үздік бейнероликтер	ДТГЖО М.Нурманова Г.Абдугаппарова	15.09 – 01.10 аралығында

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Қарттарым – асыл қазынам

(Тоғызқумалақ, шахмат, дойбыдан жарыс)

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері: Ж.Абишев
Е.Дүйсенбекұлы
Е.Төребеков

2025-2026 оқу жылы

«Қарттарым – асыл қазынам»

I. Мақсаты:

Қарттарға деген құрмет пен ізеттілікті арттыру;
Ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы үлкендердің тәжірибесін насихаттау;
Ардагерлердің белсенді өмірлік ұстанымын қолдау;
Салауатты өмір салтын және ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру.

II. Іс-шара барысы:

1-бөлім. Салтанатты ашылу

Жүргізушілер:

– Қадірлі ұстаздар мен ардақты ардагерлер!

Қарттар күні – құрмет пен алғыс күні. Бүгін біз сіздерге арналған «Спорт – саулық кепілі» атты сайысымызды бастаймыз!

Мектеп директорының құттықтау сөзі.

2-бөлім. «Ақыл мен айла» – Шахмат сайысы

Қатысушылар 5 минуттық партия ойнайды.

Жеңімпаз қарсыласын мат қою арқылы анықталады.

Бағалау: жеңіс – 2 ұпай, тең ойын – 1 ұпай, жеңіліс – 0 ұпай.

3-бөлім. «Тапқыр ой, нақты жүріс» – Дойбы сайысы

Әр қатысушы қарсыласымен бір партия ойнайды.

Тақтадағы жүріс дәлдігі мен ой жылдамдығына мән беріледі.

Әділқазылар ойынды уақыт және ереже бойынша бағалайды.

4-бөлім. «Ұлт мұрасы – тоғызқұмалақ» сайысы

Ардагерлер мен жас мұғалімдер аралас жұп болып ойнайды.

Тапқырлық пен есептеу қабілеті басты бағалау өлшемі.

Ойын барысында ұлттық ойынға құрмет, әдептілік және достық қарым-қатынас көрініс табады.

5-бөлім. Қорытынды және марапаттау

Қазылар алқасының шешімімен:

I орын – ең көп ұпай жинаған қатысушы

II орын – екінші орын иегері

III орын – үшінші орын иегері

Барлық қатысушыларға мақтау қағаздары және естелік сыйлықтар табысталады.

6-бөлім. Қорытынды сөз

Жүргізуші:

– Құрметті ардагерлер! Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен өнегелеріңіз – біз үшін баға жетпес қазына.

– «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік сайысымыз өз мәресіне жетті. Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мықты рух тілейміз!

Мәксеткеріңді
15.09.2025
Ауф

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш білім беретін мектепте
«Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында
өтілген эстафеталық жарыстың

М Ә Л І М Е Т І

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында І-қазан Халықаралық қарттар күніне орай түзілген жоспарға сай, 2025 жылдың І-қазан күні 3-4 сынып оқушылары арасында «Қарттарым – асыл қазынам» тақырып аясында тоғызқұмалақ, шахмат, дойбыдан жарыс өткізілді. Іс – шараға қамқоршылық кеңес төрағасы Сариев Есенгелді ата мен қамқоршылық кеңес мүшесі Барболов Жеңіс ата қонаққа келді.

Максаты:

Қарттарға деген құрмет пен қамқорлықты арттыру, ұлттық және логикалық ойындар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, ардагерлердің белсенді өмірлік ұстанымын дәріптеу.

Сайыс барысында қатысушылар өздерінің тапқырлығы мен тәжірибесін, ой ұшқырлығын танытып, қызықты ойын өрнегін көрсетті.

Іс-шара жылы, достық және көтеріңкі көңіл күйде өтті.

Нәтижесі:

Қазылар алқасының шешімі бойынша:

І орын – «Алғырлар» тобы

ІІ орын – «Қыран» тобы

Дайындаған:


Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері

Ж.Абишев

Е.Төребеков

Е.Дүйсенбекұлы

№2 Ж.Жабиев атындағы бастауыш мектепте I-қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында өтілген іс – шарадан көріністер



Турар Нурасын ча сынып

Қазанның Бір

Сынып жұмысы

Қартары асыл қазынамын әссе

Қарты бар үй, қазынамын үй деп бекем
айтылмаса керек. Менің ата-әжем бар.

Үйдің берекесі мен мерекесі, есілізін
ажарын кіргізіп тұратын үйдің

үлкендері бастаған әр қадамымызға

дұрыс бабамыздан қалған нақты сөздер

мен сусындатып отырады.

Шелбай Аюпта
"4²" сынып оқушысы

Отызини күркүлөк

Эссе

Карттарки аскы кудуна

"Карттарки аскы кудуна" деген мың жасамаймык. Бүткөні мениң такурыпты мен асмай түрчөмөк: атаммен эжем таттиңи кимкентай. Карттар склайм, ширимди, жакашынан жакын көрмөйдү. Ошонда пай-балады. Алар бизди жакын көреді, дагы заттар жейді. Мен атамга ал биз аларды жакын көрөміз. Ата эжемге сыйлыкты калган жасаймыз немесе эжемиз ертели кітап-мын. Мен атаммен эжемнің ба-тарын өбөрдү. Мениң эжем мен атам урмын куанамын. Маған отба-келетін көздү мен крбальмын. Бүт сыйлыкты бары балса балды, одан кені атам мен эжем маған жакына баска к түк керек емес.

Эжем мен атаммен өнөмө, эжем сый-мың жемеди. Крбальмын кітап пен сүт, айран, курт, кылмыз, эжеме булак-тын сүз шыпа деп жемеди. Булак-тын сүз айткандай таттиңи, сүз шырабөрекке орап жеметін. Су өтө жасалдын шөлінүдү кандырады ка-зир курт, айран, кылмыз, сүт жемеди. Булактын сүз атам ашыл-дан аскы Маргарара жеметін. Сүт, айран, кылмыздарды эжем жемеди. Ал

маған атам айткан калган жаса-садан сыйлыкты ең біринші бакут.

Мен атамга эжеме таттиңи сый-лык жасамаймык. Бүткөні мениң атаммен эжем таттиңи кимкентай

№2 Ж. Жабаев атындағы
бастауыш мектеп
кітапханасында өткен
«Жүректен жүрекке» атты
іс - шараның

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жүректен жүрекке» іс – шарасы өткізілді. Іс – шарада ерекше оқытуды қажет ететін балаларға рухани қолдау көрсетіп мейіріммен қамқорлықтың мәнін түсіндірді. Балаларға қуаныш сыйлайтын түрлі қызықты ойындар, кітап оқу сәттері және жылы тілектер ұсынылып, олардың көңілдері көтерілді. Шараның басты мақсаты: балаларды қолдау, бойына ізгілік пен сенім ұялату, қоғамда бейімделуіне ықпал ету, сондай ақ оқушыларды мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Дайындаған: Г.Сариева

Ерекше білімді қажет ететін балалармен өткізілген «Жүректен -жүрекке»

іс –шарасынан көріністер



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Қариялар сарқылмас қазыналар

(Мерекелік бағдарлама)

Дайындаған: А.Усенбаева

Д.Байтасова

2025-2026 оқу жылы

Қариялар сарқылмас қазыналар

I жүргізуші: Армысыздар ауылымның асылдары,
Жайналсын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,
Сіздер үшін мереке шашулары.

II жүргізуші: Қош келдіңіз ақ жаулықты аналар,
Ақыл кенін арқалаған аталар.
Алдарыңда жауқазындай құлпырған,
Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

I жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар және бүгінгі кештің қонағы болып отырған, кеудесі асыл қазына қарттарымыздың мерекесіне қош келдіңіздер!

II жүргізуші: Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар! Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекесі қарттар күнімен құттықтаймыз!

I жүргізуші: Қариялар сарқылмас қазыналар,
Тарихымсың шірімей жазып алар.
Қолдан келсе қарттарды ардақтайық,

Асылдың сынығы ғой қазір олар.

«Қариясы бар ел - қазынасы бар ел» - деген екен көне көз қарияларымыз.
Ендеше кейінгі ұрпаққа үлгі болар, ұлағатты дана сөзі бар асыл қарттарымыздың мерекесі құтты болсын! Бүгінгі мерекелік құттықтау сөз мектеп директоры Тұңғышбаев Ахан Алтынбекұлына беріледі.

II жүргізуші: Құтты болсын қарттар бүгін мерекең,
Сізді бүгін зеңгір көкпен тең етем.
Қиналсаң да қысылсаң да адамдар,
Қарттар бар да мына жалған кең екен.
Келесі кезекті құттықтауларға береміз.

I жүргізуші: Қазыналы таулары даналары,
Құт-береке қарттары, бабалары.
Тарих куә бұл жерде туып өскен,
Талай-талай қазақтың даналары.

II жүргізуші: Қарттарымыз ауылымыздың көркі, ұрпақ тәрбиешісі, ұлт ұйытқысы, салт-дәстүріміздің қайнар көзі, шымылдығы, тәрбиенің сарқылмас бұлағы. Міне, осындай қарттарымыз көп болса ауылдың бірлігі мен тірлігі жарасып, жақсы күндерге жол аша бермек.

I жүргізуші: Жүректерге жылылығын сыйлаған,
Жан баласын жамандыққа қыймаған.

Тауларындай өр рухты кең пейілді,
Құшағына тек жақсылық жинаған.

II жүргізуші: Қымбатсыздар қарттарым өзімізге,
Көрінесіз биік боп көзімізге.

Осындай ауылдың асыл қартын,
Жүреміз мақтан етіп сөзімізде.

Келесі кезекті мектебіміздің көркемсөз шеберлеріне береміз.

I жүргізуші: Сіздер барда артады берекеміз,
Жақсылықпен қашанда тез өсеміз.
Керегеңіз кеңінен қанат жайып,
Тарқамасын әрдайым мерекеңіз.

II жүргізуші: Өмірі өнеге, тағдыры тағылымға толы жандар әрдайым қымбатты, қастерлі. Өткен уақыттың жарқын беттеріндей, тарих пен ұлағаттың, адал еңбектің өзімен көзіндей қадір тұтатын ақсақалдарымыз ортамызда отыр. Сөз кезегі бүгінгі кешіміздің қадірлі қонақтарына береміз!

I жүргізуші: Ардақты ата, асыл әже қымбатты,
Әлем бүгін сіздер үшін үн қатты.

Зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз,
Бола берсін күндеріңіз шуақты.

Осымен өздеріңізге арналған кешімізді аяқтаймыз. Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебінде «1 қазан – Халықаралық қарттар күніне» орай және мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне арналған әлеуметтік қолдау шараларын өткізу бойынша атқарылған жұмыстың

М Ә Л І М Е Т І

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында және «1 қазан – Халықаралық қарттар күні» мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне арналған әлеуметтік қолдау шараларын өткізу жөніндегі 2025 жылдың 15 қыркүйек – 1 қазан аралығына бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес, мектепте тәрбиелік мәні зор бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Алғашқы шара ретінде дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Ж.Әбишев, Е.Төребеков, Е.Дүйсенбекұлының жетекшілігімен «Спорт – саулық кепілі» атты спорттық жарыстар өткізілді. Жарыс барысында оқушылар салауатты өмір салтының маңыздылығын түсініп, белсенділік танытты.

22 қыркүйек күні барлық сыныптарда «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаттары өтіліп, оқушылар қарттарға құрмет көрсету мен үлкенге ізет жайында өз ой-пікірлерін ортаға салды.

23 қыркүйек күні педагог-ұйымдастырушы А.Үсенбаеваның ұйымдастыруымен «Қартың болса, жазып қойған хатпен тең» тақырыбында ардагерлермен әсерлі кездесу өтті. Кездесуде ардагерлер өздерінің өмірлік тәжірибелері мен еңбек жолындағы естеліктерімен бөлісіп, оқушыларға ақ батасын берді.

24 қыркүйек күні педагог-ұйымдастырушы А.Үсенбаева оқушылардың қатысуымен «Жасы үлкен ағаны, жақсы сыйлап, жаға тұт» тақырыбында бейнеқұттықтаулар ұйымдастырды.

25 қыркүйек күні ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева мен қосымша білім беру педагогы А.Болатбекованың жетекшілігімен «Қарты бар елдің – қазынасы бар» атты мерекелік кеш өткізілді. Оқушылар өз өнерлерін паш етіп, ән, би, өлеңдері арқылы қарттарға деген құрмет пен алғыстарын білдірді.

26 қыркүйек күні қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова оқушылар арасында «Ата-әже – байлығым» атты бейне суреттер байқауын ұйымдастырды.

29 қыркүйек күні аға тәлімгер Д.Байтасова жетекшілігімен «Ақылды қария – ағып жатқан дария» тақырыбында шығарма жазу сайысы өткізілді. Сол күні қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова мен үйірме жетекшілері «Менің атаулы ағашым» атты экологиялық акция ұйымдастырды.

30 қыркүйек күні педагог-ұйымдастырушы А.Үсенбаева «Қарттарын қадірлеген – ел ардақты» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіп, оқушылар мен мұғалімдер арасында пікір алмасу ұйымдастырды.

Сол күні әлеуметтік педагогтар Б.Қамбаева мен Ә.Әбиев «Жан жылуын сыйла» акциясы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тұрғылықты мекенжайларына барып, көмек көрсетіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Кітапхана меңгерушісі Г.Сариева мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне орай мектеп кітапханасында «Жүректен жүрекке» атты рухани-тәрбиелік шара өткізді.

1 қазан күні қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова «Жақсылық пен үміттің түсі» атты шығармашылық бейнероликтер түсіріп, әлеуметтік желілерде жариялады. Сондай-ақ, 3 «А» сынып жетекшісі Г.Жұмабаева мен 2 «А» сынып жетекшісі М.Асқарбекова «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Атқарылған барлық жұмыстар мектептің әлеуметтік желілерінде тұрақты түрде жарияланып, оқушылардың қарттарға деген құрметі мен ізгілігін паш етті.

Дайындаған: М.Нурманова